

Р.О. ОРЫНБАСАР, З.Б. СҰЛТАМУРАТОВА, Г.Д. ЗАҚҰМБАЕВА, Б. ТҮКТИН

(Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті, Ақтөбе)

(«Д.В. Сокольский атындағы Органикалық катализ және электрохимия институты» АҚ,
Алматы)

СҰЙЫТЫЛҒАН МҰНАЙ ГАЗДАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Аннотация

Жұмыста сұйытылған мұнай газдарының тиімді қолданылу жолдары келтірілген. СМГ-ның Cr-Pd/SiO₂ катализаторда олефинге айналуының тиімді шарттары қарастырылған. C₄-алкандардың >C-C< байланыстар бойынша крекингі кезінде пропиленнің түзілуімен бірге кезекті дегидрлену сатысына қатысатын пропанның түзілуі мүмкін. Пропан Pd-Cr(1:1)/SiO₂ катализаторымен жанасуы кезінде реакциялық қабілеттілігі артады, оның максимал конверсиясы СМГ-дағы бастапқы мөлшеріне есептегенде 65%-дан жоғары.

Кілт сөздер: сұйытылған мұнай газдары, олефин, пропилен, реакциялық қабілеті.

Ключевые слова: сжиженные нефтяные газы, олефин, пропилен, реакционная способность.

Keywords: the liquefied oil gases, olefin, it is sawn through, reactionary ability.

Энерготасымалдағыштардың дәстүрлі түрлері күнделікті қымбаттауда. Сұйытылған газдардың олардан айырмашылығы тұрақты бағаға ие.

Сұйытылған мұнай газы (СМГ) – бұл жер қойнауында мұнайға ілесіп шығатын және мұнай құрамында сұйық күйде болатын көмірсутек шикізаты кен орындарының барлық түрлерінен ұнғымалар арқылы мұнаймен бірге өндірілетін табиғи көмірсутек газы.

Сұйытылған мұнай газының басты қасиеті – жоғары жылу беру қабілеті және азғана сыйымдылықта энергияның көп көлемін сақтай алу мүмкіндігі.

Сұйытылған газды тиімді пайдалану қажеттілігі келесі себептерден туындайды:

- газды факелдерде жағу және оны ауаға тастау денсаулық үшін өте қауіпті, себебі жағу нәтижесінде ауада өсімдіктер өз бойына сіңіріп алатын және тағамдық тізбекке түсуі мүмкін токсиндік заттар түзіледі.